

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы

« _____ » _____ С. Ергалиев
2023 жыл



КЕЛІСЕМІН

«Қазақстан Республикасының
Президенттік сынақ және
Президенттік көпсайыс
Федерациялар Одағы»ЗТБ
Вице-Президенті

« _____ » _____ С. Надирбек
2023 жыл



**2023 жылға арналған жазғы Президенттік көпсайыстан
республикалық жарыстардың
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы 2023 жыл

1. Спорттық жарыстардың атауы

- 1.1 Қазақстан Республикасының жабық алаңындағы чемпионаты;
- 1.2 Қазақстан Республикасының Кубогі;
- 1.3 Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы чемпионаты;
- 1.4 Қазақстан Республикасының чемпионаты;
- 1.5 Қазақстан Республикасының жабық алаң кешеніндегі кубогі.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Жазғы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаттары және кубогы келесі мақсаттарда өткізіледі:

- Қазақстанның аймақтары, спорт клубтарында және балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде Президенттік көпсайысты дәріптеп, дамыту;
- дене шынықтыру мен спортты одан әрі жаппай дамыту, Президенттік көпсайыс-халықтың дене шынықтыру даярлығын және салауатты өмір салтын насихаттау;
- халықаралық жарыстарға қатысу мақсатында Қазақстан Республикасының ең үздік көпсайыскерін анықтау;
- Президенттік тестілеуді енгізуде, халықтың дене шынықтыру даярлығы және көпсайысшыларды дайындаудағы дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жұмысын қорытындылау.

3. Спорттық жарыстың өткізілу орны мен уақыты

- 3.1 Қазақстан Республикасының жабық алаңындағы чемпионаты Өскемен қаласында 2023 жылдың 1-6 наурыз аралығында өткізіледі.
- 3.2 Қазақстан Республикасының Кубогі Ақтау қаласында 2023 жылдың 24-30 сәуір аралығында өткізіледі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы чемпионаты Қостанай облысы, Лисаковск қаласында 2023 жылдың 25-30 мамыр аралығында өткізіледі.
- 3.4 Қазақстан Республикасының чемпионаты Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында 2023 жылдың 25-30 маусым аралығында өткізіледі.
- 3.5 Қазақстан Республикасының жабық алаң кешеніндегі кубогі Қарағанды облысы, Қарағанды қаласында 2023 жылдың 1-5 қараша аралығында өткізіледі.

4. Спорттық жарысты өткізу жүйесі

Жарыстарды даярлау және өткізуді басқару Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен іске асырылады. Спорттық дене шынықтыру және спорт басқармасы жарыстарды спорт жабдықтармен қамтамасыз етуге жауапты. Жарыстардың өткізілуі «Қазақстан Республикасының Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағының» заңды тұлғалар бірлестігінің

ұсынысы бойынша бекітілген спорт түрлері бойынша төрешілер алқасына тапсырылады.

5. Қатысушы ұйымдар

Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. Жарысқа қатысушылардың рұқсаты, өтінімдер құжаты арқылы жарысқа қатысуға алдын-ала дайындық өткен, дәрігердің рұқсатын алған және медициналық сақтандыру полисі бар тұлға жіберіледі. Дәрігердің және жаттықтырушының жазбаша рұқсатымен қыздар, ұлдар, жасөспірімдер, бойжеткендер бір жас үлкен спортшылармен жарысқа қатысуға рұқсат етіледі.

6. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқада қатысушылардың сандық құрамы

Команда құрамы 19 адам, соның ішінде 16 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Қатысушылар қыздар мен ұлдар, жасөспірімдер мен жастар, әйелдер мен ерлер, келесі жас аралықтарында сайысады: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60- 69, 70 жас және жоғары.

7. Спортшылардың жынысы мен туған жылы

Қатысушылар келесі жас аралықтарында бәстеседі: ұлдар және қыздар 2011-10 жылғы (12-13 жас) , 2009-08 жылғы (14-15 жас). Жастар және жасөспірімдер 2007-06 жылғы (16-17 жас), 2005-03 жылғы (18-20 жас). Ерлер мен әйелдер 2002-00 жылғы (21-23 жас), 1999-1989 жылғы (24-34 жас), 1988-1984 жылғы (35-39 жас), 1983-1974 жылғы (40-49 жас), 1973-1964 жылғы (50-59 жас), 1963-1954 жылғы (60- 69 жас), 1953 жылғылар және одан үлкендер (70 жас және жоғары жастағылар).

Осы Ережеде көрсетілген барлық жарыстар үшін, қатысушылардың жасын туған күнімен айына қарамастан 2023 жылдың 1 қаңтарынан есепке алынады. Әр өңірден әр жас топтамасында 3-тен көп емес спортшылар қатыстырылады. Команда өкілі мандаттық комиссияға қатысушыларды тіркеу барысында атаулы өтінім, спортшының жеке куәлігін, жасөспірім спортшылар үшін туу туралы куәлік және растау құжатын ұсынады (оқу орнынан сурет анықтамасы).

8. Нәтижелерді бағалау жүйесі

8.1 Қазақстан Республикасының жабық алаңындағы чемпионаты, ШҚО, Өскемен қаласында 2023 жылдың 1-6 наурыз аралығында өткізіледі.

команда	Команда құрамы			Сынақ		
	спортшы	жаттықтырушы	төреші	әйелдер	ерлер	барлығы
Облыс	16	2	1	7	7	19

Оқ ату	II- ВП,ПП	III-ВП,ПП			II- ВП,ПП	III-ВП,ПП		
		100м.	60м.			60м.	100м.	60м.
Жүгіру	60м.	100м.	60м.		60м.	100м.	60м.	60м.
Лақтыру	Снаряд 300г.	Снаряд 500г.	500г	300г	Снаряд 500г.	Снаряд 700г.	700г	500г
Жүзу	50м.	100м.	50м.		50м.	100м.	50м.	
Төзімділікке жүгіру	1000 м.	2000 м.	1000 м.	500 м	2000 м.	3000 м.	2000 м.	1000 м
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы							
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату							
2 күн	Снаряд лақтыру							
3 күн	Спринт							
4 күн	Жүзу							
5 күн	Төзімділікке жүгіру							

БЖСМ спортшылары арасында сынақ 1 спортшыдан әр жас аралығында.

8.3 Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы чемпионаты Қостанай облысы, Лисаковск қаласында 2022 жылдың 25-30 мамыр аралығында өткізіледі. Команда құрамы 13 адам, соның ішінде 10 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ құрама командалары қатыса алады. Жарыс келесі жас топтарында өткізіледі: 21-23, 24-34, 35-39, абсолюттік чемпион.

Команда	Команда құрамы			Сынақ		
	Спортшы	Жаттықтырушы	Төрешілер	Әйелдер	Ерлер	Барлығы
Облыс	12	1	2	5	5	13
Сп. Клуб ЖСШМ	6	1	1	4		8

Жарыс бағдарламасы:

Спорт түрі	әйелдер	еркектер
	21-39 жас	21-39 жас
Спринт	100 м	100 м
Оқ ату	III-ВП, ПП	III-ВП, ПП
Жүзу	100 м	100 м
Төзімділікке жүгіру	2000 м	3000 м
Снаряд лақтыру	500г	700г
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы	
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату	
2 күн	Снаряд лақтыру	
3 күн	Спринт	
4 күн	Жүзу	
5 күн	Төзімділікке жүгіру	

8.4 Қазақстан Республикасының чемпионаты, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында 2023 жылдың 25-30 маусым аралығында өткізіледі. Команда құрамы 14 адам, соның ішінде 12 спортшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. БЖСМ әр жас топтамасына екі спортшыдан қатыстыралады, қалғаны жекелей. Жарыс келесі жас топтарында өткізіледі: 12-13, 14-15, 16-17 жас.

Команда	Команда құрамы		Сынақ			
	Спортшы	Жаттықтырушы	Төреші	Бойжеткендер	Жасөспірімдер	Барлығы
Облыс	12	1	2	5	5	13
БЖСМ	8	1	2	3	3	11

Жарыс бағдарламасы:

Спорт түрі	Бойжеткендер			Жасөспірімдер		
	12-13 жас	14-15 жас	16-17 жас	12-13 жас	14-15 жас	16-17 жас
Спринт	60 м		100 м	60 м		100 м
Оқ ату	II-ВП, ПП		III-ВП, ПП	II-ВП, ПП		III-ВП, ПП
Жүзу	50 м		100 м	50 м		100 м
Доп лақтыру	150 гр.			150 гр.		
Снаряд лақтыру		300 г	500 г		500 г	700 г
Төзімділікке жүгіру	500 м	1000 м	2000 м	1000 м	2000 м	3000 м
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы					
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату					
2 күн	Снаряд лақтыру					
3 күн	Спринт					
4 күн	Жүзу					
5 күн	Төзімділікке жүгіру					

Команда құрамы 12 адам, соның ішінде 10 спортшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс құрама командалары қатыса алады. Жарыс келесі жас топтарында өткізіледі: 40-49, 50-59, 60-69, 70 және жоғары.

Команда	Команда құрамы			Сынақ		
	Спортшы	Жаттықтырушы	Төреші	Әйел	Ер	Барлығы
Облыс	10	1	2	4	4	13

Жарыс бағдарламасы:

Спорт түрі	Әйелдер		Ерлер	
	40-59 жас	60 және жоғары	40-59 лет	60 және жоғары
Оқ ату	III-ВП, ПП		III-ВП, ПП	
Жүгіру	60м.		60м.	
Лақтыру	500г	300г	700г	500г

Жүзу	50м.		50м.	
Жүгіру	1000м.	500м	2000м.	1000м
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы			
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату			
2 күн	Снаряд лақтыру			
3 күн	Спринт			
4 күн	Жүзу			
5 күн	Төзімділікке жүгіру			
6 күн	Қайту күні			

8.5 Қазақстан Республикасының жабық алаң кешеніндегі кубогі Қарағанды облысы, Қарағанды қаласында 2023 жылдың 01-05 қараша аралығында өткізіледі. Команда құрамы 19 адам, соның ішінде 16 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. Қатысушылар келесі жас аралықтарында сайысады: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60-69, 70 жас және жоғары. Абсолюттік чемпион. **Әр жас топтамасына бір спортшы қатыстырылады.**

Команда	Команда құрамы			Сынақ		
	Спортшы	Жаттықтырушы	Төреші	әйелдер	еркектер	барлығы
Облыс	16	2	1	7	7	19
ЖСШМ Сп. клуб	6	1		еркін		7
БЖСМ	6	2	1	3	3	9

Жарыс бағдарламасы:

спорт түрі	әйелдер			ерлер		
	12-15 жас	16-39 жас	40 жас және жоғары	12-15 жас	16-39 жас	40 жас және жоғары
Спринт	60 м	60 м	60 м	60 м	60 м	60 м
Оқ ату	II-ВП, ПП	III-ВП, ПП	III-ВП, ПП	II-ВП, ПП	III-ВП, ПП	III-ВП, ПП
жүзу	50 м	100 м	50 м	50 м	100 м	50 м
Төзімділікке жүгіру	1000 м	1000 м	1000 м, 60 жас және жоғары – 500 м	1000 м	2000 м	1000 м, 60 жас және жоғары – 1000 м
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы					
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату					
2 күн	Спринт					
3 күн	Жүзу					

4 күн	Төзімділікке жүгіру
5 күн	Қайту күні

БЖСМ спортшылары арасында сынақ 1 спортшыдан әр жас аралығында.

9. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

Жарысты ұйымдастырушылар республикалық жарысты медициналық жағынан қамтамасыз етеді. Ұйымдастырушы зардап шегушілерді эвакуациялау үшін медициналық қызмет көрсетуге және көліктік жабдықпен қамтамасыз етуге міндетті. Ұйымдастырушы сөре мен мәре орындарына «жедел көмек» машинасының өтуіне жолдың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Медициналық қызмет көрсетудің негізгі міндеттері:

- сөре мен мәре орындарына, тамақтану және қатысушыларды орналастыру орындарында санитарлық-гигиеналық нормаларды сақталуын бақылау;
- спорттық жарақаттың алдын алу;
- қатысушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету, зардап шегуші қатысушыларды эвакуациялау.

Медициналық персонал қажетті жабдықпен жарыс алаңынан кетуге Бас төрешінің рұқсатына дейін мәреде тұруы тиіс.

10. Допингке қарсы қамтамасыз ету

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі–ВАДА) нормаларына сәйкес барлық жастағы бүкіл спортшылар ҚРК, ҚРЧ, сондай-ақ республикалық жарыстарда допинг-бақылауға алынуы мүмкін. Барлық спортшылар ВАДА-ның допингке қарсы кодекс ережелерін сақтауы тиіс. Спортшының допинг тест тапсыруына бас тартуы немесе келмеуіне байланысты оған ВАДА-ның допингке қарсы кодекс нормаларына сәйкес санкциялар (спортшыны толық шеттетуге дейін) қолдануы мүмкін.

11. Төрешілер алқасының сандық құрамы

«Қазақстан Республикасының Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы» ЗТБ қағидасының негізінде 20-25 адамнан төрешілер алқасы жасақталады. Оның құрамында: бас төреші, бас төрешінің орынбасары, бас хатшы, бас хатшының орынбасары, 2 стартер, 2 стартердің көмекшісі, мәредегі аға төреші, мәредегі төреші (қатысушылардың келуі), аға хронометрші, хронометршілер, 3 хатшылар, 3 хабарлаушы төрешілер, жарыс коменданты, қатысушылардың жанындағы төрешілер, кешенді жекпе-жектен төрешілер, бас төреші құқығындағы дәрігер болуы керек.

12. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі

Қатысушылардың саны, келу және кету күндері көрсетілген алдын ала өтінім жарыс басталардан 15 күн бұрын жарыстың бас хатшысына тапсырылады.

Жарысқа қатысушылардың рұқсаты, өтінімдер құжаты арқылы жарысқа қатысуға алдын-ала дайындық өткен, дәрігердің рұқсатын алған және медициналық сақтандыру полисі бар тұлға жіберіледі. Атаулы өтінімдер

спортшыны жарысқа ұсынған ұйыммен жарыс ережелері мен шарттарына сай жасалуы тиісті.

Қосымша өтінімдер мен қайта өтінімдер белгіленген тәртіпте бірінші спорт түрі басталуына бір сағаттан кем емес уақыт қалғанша дейін берілуі тиіс.

Өтінім уақытылы берілмеген жағдайда, қабылдаушы тарап қатысушыларды орналастыру үшін жауап бермейді.

Қатысушы ұйым жарыс басталардан 5 күн бұрын және кешіктірмей, қатысушылардың туған күндері көрсетілген өтінімді жарыс хатшысына жіберуі тиіс.

Қатысушылардың нөмірлері көрсетілген, дәрігер рұқсатымен ақырғы өтінім жарыс хатшысына, жеребе басталардан 6 сағат бұрын және кешіктірілмей беріледі.

13. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары

13.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді (кубоктар, медальдар және дипломдармен) марапаттау бойынша шығындарды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК өтейді.

13.2. Спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету, жарыстарды ұйымдастыруына Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы жауапты.

13.3. Облыстардың, қалалардың құрама командаларының және төрешілерінің келіп-кетуі, тамақтануы, қонақ үйде тұруы бойынша шығындар жіберуші мекеме есебінен.

13.4. Төрешілердің еңбек ақысын төлеу бойынша шығындар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК есебінен.

13.5. Мемлекеттік жаттықтырушы, команда басшысының келіп-кетуі, тамақтануы, қонақ үйде тұруы бойынша шығындар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК есебінен.

14. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Көпсайыстың бір түріне себепсіз қатыспаған қатысушылар жарыстан шығарылады. Ұпай саны тең болған жағдайда басымшылық көпсайыстың көп түрі ұтқан қатысушыға беріледі, егер бұл көрсеткіштер тең болса жеңімпаз кросс жарысы бойынша анықталады. 1,2,3 орын иеленген командалар кубок және дипломмен марапатталады. Барлық жас топтарында жеке біріншілікте жүлдегер мен жеңімпаз медаль және дипломмен марапатталады.

		I -орын	II-орын	III-орын	Абсолюттік
Кубок	9 дана	3	3	3	-
Медаль	72 дана	22	22	22	6
Диплом	81 дана	25	25	25	6

Абсолюттік чемпион ерлер мен әйелдер арасындағы жеңімпаздар медальдар және дипломдармен марапатталады.

Ескертпе: жас топтамасының құрамы 3 қатысушыдан кем болған жағдайда, жеке біріншілік есептелмейді, қатысушылар басқа жас топтарымен біріктіріледі.

15. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

Ереже мен шарттың бұзылғаны байқалған уақытта, жарыс аяқталуына 30 минуттан кеш емес уақытта спорт түрі бойынша аға төрешіге, рефери немесе бас төреші орынбасарына команда өкілі ауызша арыздануға рұқсаты бар.

Егер ауызша арыздан шешім қабылданбаса немесе команда өкілі қанағаттанбаған жағдайда, ол өз арызын жазбаше түрде бас төрешінің қабылдаған шешімінен кейін бір сағат ішінде арыздануға рұқсаты бар.

16. Спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері

Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы
1 күн	Пневматикалық мылтықтан оқ ату
2 күн	Снаряд лақтыру
3 күн	Спринт
4 күн	Жүзу
5 күн	Төзімділікке жүгіру
6 күн	Қайту күні.

Осы Ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады!